## Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 161 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 65 шешімі.

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу туралы хаттаманың 4-тармағын (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) іске асыру мақсатында және Жоғары Еуразиялық экономкалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 40-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер ( сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібі туралы" 2016 жылғы 18 қазандағы № 161 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Егер Оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерінің және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерінің жобаларын жария түрде талқылау рәсімдері осы Шешім күшіне енген күнге дейін басталған не аяқталған болса, мұндай тізбелерді (тізбелерге өзгерістерді) әзірлеу және бекіту Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 161 шешіммен бекітілген Оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда –

ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне сәйкес жоғарыда аталған рәсімдер басталған кезде қолданылып жүрген редакциясында жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы өнімнің зерттеулері (сынақтары) мен өлшемдерін жүргізу әдістемелерін заңдастырудың жалпы тәсілдері туралы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының ұсынымдарының жобасын әзірлесін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері**:

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
|---|---|---|---|---|
| М. Григорян | И. Петришенко | Б. Сұлтанов | А. Кожошев | А. Оверчук |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 15 сәуірдегі
№ 65 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің**
**2016 жылғы 18 қазандағы № 161 шешіміне енгізілетін**
**ӨЗГЕРІСТЕР**

1. 2-тармақтың күші жойылды деп танылсын.

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібі мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2016 жылғы 18 қазандағы
№ 161 шешімімен

(Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 15 сәуірдегі
№ 65 шешімінің редакциясында)
БЕКІТІЛДІ

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау

**ТӘРТІБІ**

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде техникалық реттеу туралы хаттаманың 4-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) сәйкес әзірленді және ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау қағидаларын айқындайды.

2. Халықаралық және өңірлік стандарттар оларды халықаралық немесе ұлттық ( мемлекеттік) стандарттар ретінде қабылдағаннан кейін стандарттар тізбесіне кіреді.

3. Стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеуді тиісті техникалық регламенттің жобасын әзірлеуші (бұдан әрі – әзірлеуші) Одаққа мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарымен (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) және Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін техникалық регламенттерді әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібіне (бұдан әрі – тиісінше техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібі, Комиссия) сәйкес техникалық регламент жобасын әзірлеу үшін құрылатын жұмыс тобымен (бұдан әрі – жұмыс тобы) бірлесіп, техникалық регламенттің бірінші редакциясына құжаттар топтамасын дайындау аясында жүзеге асырады.

Осы Тәртіпті қолдану мақсатында техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеуге жауапты мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы әзірлеуші деп түсініледі.

4. Стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеу техникалық регламент жобасының тиісті құрылымдық элементтері бойынша мынадай басымдықтар ескеріле отырып, оларға стандарттарды енгізу арқылы № 1 қосымшаға сәйкес нысандар бойынша жүзеге асырылады:

а) халықаралық стандарттар негізінде әзірленген және тиісті халықаралық стандарттарға ұқсас мемлекетаралық стандарттар;

б) халықаралық стандарттар негізінде әзірленген және тиісті халықаралық стандарттарға қатысты түрлендірілген мемлекетаралық стандарттар;

в) халықаралық стандарттар негізінде әзірленген және тиісті халықаралық стандарттарға баламалы емес мемлекетаралық стандарттар;

г) өңірлік стандарттар негізінде әзірленген және тиісті өңірлік стандарттарға ұқсас мемлекетаралық стандарттар;

д) өңірлік стандарттар негізінде әзірленген және тиісті өңірлік стандарттарға қатысты түрлендірілген мемлекетаралық стандарттар;

е) өңірлік стандарттар негізінде әзірленген және тиісті өңірлік стандарттарға баламалы емес мемлекетаралық стандарттар;

ж) халықаралық және (немесе) өңірлік стандарттар негізінде әзірленбеген мемлекетаралық стандарттар;

з) халықаралық стандарттар негізінде әзірленген және тиісті халықаралық стандарттарға ұқсас мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары;

и) халықаралық стандарттар негізінде әзірленген және тиісті халықаралық стандарттарға қатысты түрлеріндірілген мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары;

к) халықаралық стандарттар негізінде әзірленген және тиісті халықаралық стандарттарға баламалы емес мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары ;

л) өңірлік стандарттар негізінде әзірленген және тиісті өңірлік стандарттарға ұқсас мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары;

м) өңірлік стандарттар негізінде әзірленген және тиісті өңірлік стандарттарға қатысты түрлендірілген мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары;

н) өңірлік стандарттар негізінде әзірленген және тиісті өңірлік стандарттарға баламалы емес мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары;

о) халықаралық және (немесе) өңірлік стандарттар негізінде әзірленбеген мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары.

5. Осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес басымдығы жоғары стандарттар техникалық регламентті қабылдау мақсаттарына сәйкес келмейтін (оның ішінде климаттық немесе

географиялық факторларға, технологиялық және басқа да ерекшеліктерге байланысты) жағдайлар стандарттарды стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізу басымдықтарын айқындауда бұған қосылмайды.

6. Осы Тәртіптің 4-тармағының "а" - "ж" тармақшаларында көзделген мемлекетаралық стандарттар оларға барлық мүше мемлекеттер қосылған жағдайда стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізіледі.

Осы Тәртіптің 4-тармағында зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық стандарттар болмаған жағдайда, көрсетілген мемлекеттік стандарттар әзірленгенге дейін мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары не зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу әдістемесі (осы Тәртіптің 11-тармағында көзделген талаптар сақтала отырып) тиісті стандарттар тізбесінің жобасына оларды қолданудың нақты мерзімі көрсетіле отырып енгізіледі.

Стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізілетін мемлекетаралық стандарттарда, мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарында қамтылған әдістерге баламалы зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістерін қамтитын зерттеулер ( сынақтар) және өлшемдер әдістемелері олардың негізінде мемлекетаралық стандарттар әзірленгенге дейін (осы Тәртіптің 11-тармағында көзделген талаптардың сақталуын ескере отырып) стандарттар тізбелерінің жобаларына оларды қолданудың нақты мерзімі көрсетіле отырып енгізілуі мүмкін

Зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесіне қолжетімділікті ұсыну № 2 қосымшаға сәйкес тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші абзацының ережелері осы Тәртіп күшіне енген күнге дейін бекітілген стандарттар тізбелеріне осы Тәртіптің 22 – 36-тармақтарына сәйкес түзетулер енгізілгенге дейін қолданылмайды.

7. Стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізілген мүше мемлекеттердің ұлттық ( мемлекеттік) стандарттары немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелері тиісті мемлекетаралық стандарттарды әзірлеп, стандарттар тізбелеріне енгізілгенге дейін қолданылады.

8. Стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеу кезінде әзірлеуші:

а) техникалық регламенттердің талаптарын талдайды және техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерінің (объектілер топтарының) тізбесін, сондай-ақ техникалық регламент белгілейтін әрбір техникалық регламенттің техникалық реттеу объектісіне (объектілер топтарына) қойылатын талаптардың тізбесін жасайды.

б) қолдану нәтижесінде техникалық регламенттің техникалық талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мүмкіндігін айқындау және осы Тәртіптің 4-тармағында

көрсетілген басымдықтарын ескере отырып, техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру кезінде зерттеулер (сынақтар ) мен өлшемдер жүргізу үшін стандарттарға талдау жүргізеді;

в) техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілері үшін оларды ерікті түрде қолдану кезінде техникалық регламенттің талаптарының сақталуы қамтамасыз етілуі мүмкін стандарттарды айқындайды;

г) техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілері үшін зерттеулер ( сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін пайдаланылуы мүмкін үлгілерді іріктеу қағидаларын осы Тәртіптің
4-тармағында көрсетілген басымдықтарды ескере отырып айқындайды;

д) осы тармақтың "г" тармақшасында көзделген мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда, техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілері үшін мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарын және (немесе) техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін пайдаланылуы мүмкін зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу әдістемесін айқындайды.

9. Осы Тәртіптің 4-тармағында көрсетілген стандарттар мынадай шарттар сақталған кезде стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізіледі:

а) техникалық регламенттің тиісті талаптарын сақтау бір немесе бірнеше стандарттарды (стандарттардың бөлімдерін, тармақтарын, тармақшаларын) қолдану арқылы қамтамасыз етілуге тиіс.

Егер техникалық регламенттің тиісті талаптарын сақтау мемлекетаралық стандарттармен (олардың бөлімдерімен, тармақтарымен, тармақшаларымен) қамтамасыз етілсе, мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізілмейді.

Осы Тәртіптің 4-тармағының "а" - "ж" тармақшаларында көрсетілген мемлекетаралық стандарттар болмаған жағдайда, мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарымен және мүше мемлекеттердің техникалық регламенттер жобасын әзірлеуге қатысатын органдарымен келісу бойынша осы Тәртіптің 4-тармағының "з" - "о" тармақшаларында көрсетілген басымдықтар ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарынан әрбір мүше мемлекеттен техникалық регламентті қабылдау мақсатына неғұрлым сәйкес келетін бір-бір ұлттық (мемлекеттік) стандарт (болған кезде) бойынша айқындалады.

Стандарттар тізбелерінің жобаларына мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары енгізілген кезде оларға өзгерістер енгізу немесе олардың күшін жою мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарымен және мүше

мемлекеттердің техникалық регламенттің жобасын әзірлеуге қатысушы органдарымен келісу бойынша жүзеге асырылады;

б) техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидаларымен және әдістерімен, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларымен қамтамасыз етілуге тиіс;

в) қолдану нәтижесінде техникалық регламенттің талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру мүмкіндігін айқындау үшін қолданылу саласы техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілеріне қолданылатын стандарттарға талдау жүргізілуге тиіс;

г) стандарттарды қолдану нәтижесінде техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін оның талаптарын орындау зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерімен, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларымен қамтамасыз етілуге тиіс.

10. Зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар осы Тәртіптің 9-тармағына сәйкес мынадай талаптар сақталған кезде стандарттар тізбелерінің жобасына енгізіледі:

а) стандарттар техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындауды, сондай-ақ техникалық регламенттің техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс;

б) стандарттарда қамтылған зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістері нәтижелердің қажетті анықтығын және өлшемдердің дәлдігін қамтамасыз етуі тиіс ( табу шегі (зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің сапалы әдістері үшін) және сандық анықтау шегі (зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің сандық әдістері үшін) белгіленген көрсеткішті (сипаттаманы) қажетті дәлдікпен анықтауды қамтамасыз етуі тиіс), егер бұл техникалық реттеу талаптарын орындау және техникалық реттеу объектілерінің техникалық реттеуге сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажет болса, белгіленген көрсеткішті (сипаттаманы) қажетті дәлдікпен) анықтауды қамтамасыз етуі тиіс.

11. Зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелері тиісті мемлекетаралық стандарттар мен мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары болмаған жағдайда не егер оларда зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер нәтижелерінің және өлшемдердің қайталануын қамтамасыз ететін зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізудің баламалы әдістері болса, олармен бірге стандарттар тізбелерінің жобасына мынадай талаптарды сақталған кезде енгізіледі:

а) зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелері оларды енгізуді ұсынған мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес аттестатталуға (валидациялануғаы) және

бекітілуге, олар туралы мәліметтер мүше мемлекеттердің өлшем бірлігін (тізілімдерін, каталогтарын) қамтамасыз ету үшін ақпараттық қорларға енгізілуге тиіс;

б) зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелері техникалық регламент талаптарын қолдану мен іске асыруды, сондай-ақ онда белгіленген техникалық реттеудің техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс;

в) стандарттар тізбелерінің жобасына енгізілетін зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерін қолдану нәтижелердің қажетті анықтығын және өлшемдердің дәлдігін (табу шегі (зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің сапалы әдістері үшін) және сандық анықтау шегі (зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдердің сандық әдістері үшін) белгіленген көрсеткішті (сипаттаманы) қажетті дәлдікпен анықтауды қамтамасыз етуі тиіс) қамтамасыз етуі тиіс;

г) көрсетілген зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелеріне осы Тәртіптің 21 -тармағына сәйкес қол жеткізу қамтамасыз етілуге тиіс.

12. Егер осы Тәртіптің 10 және 11-тармақтарына сәйкес техникалық регламент талаптарына сәйкестікті бағалауды жүзеге асыру мақсатында зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу үшін стандарттар тізбесіне зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер нәтижелерінің жаңғыртылуын қамтамасыз ететін зерттеулердің ( сынақтардың) баламалы әдістерін қамтитын бірнеше мемлекетаралық стандарттар, ұлттық (мемлекеттік) стандарттар және (немесе) зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелері енгізілген жағдайда, онда әзірлеуші стандарттар тізбесіне енгізілген басқа мемлекетаралық стандарттар, ұлттық (мемлекеттік) стандарттар немесе зерттеулер ( сынақтар) және өлшемдер әдістемелері пайдаланыла отырып алынған өлшемдер нәтижелерінің дұрыстығын бағалау үшін мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарымен және техникалық регламент жобасын әзірлеуге қатысатын мүше мемлекеттердің органдарымен бірлесіп, олардың ішінен бір мемлекетаралық стандартты, ұлттық (мемлекеттік) стандартты немесе зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдісі өлшемдердің дәлдігін барынша қамтамасыз ететін зерттеулер (сынақтар ) және өлшемдер әдістемесін таңдайды. Мемлекетаралық стандарт, ұлттық ( мемлекеттік) стандарт немесе ең жоғары өлшем дәлдігі бар зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемесі туралы ақпарат стандарттар тізбесінің 4-бағанында келтірілген.

13. Стандарттар тізбелерінің жобаларын (стандарттардың тізбелеріне енгізілетін өзгерістер) әзірлеуді, оның ішінде оларға метрологиялық сараптама жүргізуді қаржыландыруды әзірлеуші жүзеге асырады.

14. Стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеу аяқталғаннан кейін мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарының пікірлерін ескере отырып, әзірлеуші техникалық регламент жобасының бірінші редакциясымен және техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібінде көзделген құжаттар топтамасымен бірге оларды Комиссияға жібереді.

15. Стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеу және келісу техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібінде көзделген рәсімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттерде мемлекетішілік келісу және реттеушілік әсерін бағалау нәтижелері бойынша пысықталған стандарттар тізбелерінің жобалары техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес техникалық регламент жобасын және оған құжаттар топтамасын қарау шеңберінде Санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды техникалық реттеу, қабылдау жөніндегі консультативтік комитеттің (бұдан әрі – Консультативтік комитет) отырысында қаралады

16. Стандарттар тізбелерінің жобаларын қарау нәтижелері бойынша Консультативтік комитет оларды Комиссия Алқасының қарауына енгізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды, ол хаттамамен ресімделеді.

17. Консультативтік комитеттің стандарттар тізбелерінің жобаларын қарау нәтижелері бойынша әзірлеуші оларды (қажет болған жағдайда) пысықтауды жүзеге асырады және мынадай құжаттарды қоса бере отырып, Комиссияның қарауына ұсынады:

а) Комиссия Алқасының стандарттар тізбесі туралы шешімінің жобасы;

б) стандарттар тізбесінің жобаларына түсіндірме жазба;

в) техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес жария талқылау нәтижелері бойынша пікірлердің жиынтығы;

г) техникалық регламент жобасына және стандарттар тізбелерінің жобаларына жүргізілген метрологиялық сараптама нәтижелері жөніндегі қорытынды немесе техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес метрологиялық сараптама жүргізу талап етілмейтіні туралы қорытынды;

д) техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес реттеушілік әсерді бағалау туралы қорытынды.

18. Стандарттар тізбелерінің жобаларына түсіндірме жазбада мыналар көрсетіледі:

а) стандарттар тізбелерінің жобаларын қабылдау үшін құқықтық негіз (халықаралық шарттың немесе Одақ құқығына кіретін Комиссия актісінің ережелері);

б) стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеудің мақсаты;

в) шешілуіне стандарттар тізбелерінің жобасын әзірлеу бағытталған проблемалардың, сондай-ақ осы проблемаларды шешудің өзге де тәсілдерінің сипаттамасы;

г) стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізілген стандарттардың және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің қысқаша сипаттамасы;

д) стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізілген стандарттардың халықаралық және өңірлік стандарттарға сәйкес келуі туралы ақпарат;

е) стандарттар тізбелерінің жобаларына мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарын және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерін енгізудің негіздемесі;

ж) техникалық регламент талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттары жоқ техникалық регламенттің техникалық реттеу ережелері мен объектілері туралы ақпарат;

з) стандарттар тізбелерінің жобаларына енгізілген халықаралық стандарттарды, оның ішінде мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды алмастыратындарын, зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесін әзірлеу бойынша ұсыныстар;

и) мүдделерін қорғауға стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеу бағытталған тұлғалар шеңбері;

к) кәсіпкерлік және өзге де қызмет субъектілері, мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалар үшін белгіленетін шектеулер;

л) осы тармақтың "в" тармақшасында көрсетілген проблемаларды шешу тетігі және стандарттар тізбелерінің жобаларын әзірлеу мақсатына қол жеткізу (ұсынылып отырған шешу мен шешілетін мәселелер арасындағы өзара байланыстың сипаттамасы);

м) стандарттар тізбелерінің жобаларын қолдану үшін қажетті стандарттар тізбелерін қолданудан болатын экономикалық тиімділіктің сипаттамасын, Одақ бюджетінен шығыстар сомасын бағалауды қамтитын стандарттар тізбелері жобаларының қаржылық-экономикалық негіздемесі;

н) стандарттар тізбелерінің жобалары туралы өзге де ақпарат.

19. Комиссия Алқасының қарауына Комиссия № 3 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша құжаттар топтамасын дайындайды.

20. Стандарттардың тізбесін Комиссия Алқасы техникалық регламент күшіне енетін күнге дейін күнтізбелік 180 күннен кешіктірілмей бекітеді.

21. Стандарттар тізбелеріне енгізілген ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесін қолдану мүмкіндігін (оның ішінде оның мәтіндеріне қол жеткізуді) мүше мемлекеттің стандарттау жөніндегі уәкілетті органы немесе ол уәкілеттік берген ұйым осы мүше мемлекеттің заңнамасына (оның ішінде авторлық құқық саласында) сәйкес осы Тәртіпке № 2 қосымшаны ескере отырып қамтамасыз етеді.

Комиссия стандарттар тізбесіне енгізілген ұлттық (мемлекеттік) стандарттарды немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерін жариялау көздері туралы ақпаратты мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдары Комиссияға берген мәліметтердің негізінде Одақтың ресми сайтында орналастыруды жүзеге асырады.

22. Стандарттардың тізбелеріне өзгерістер енгізу мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша мүше мемлекеттердің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады:

тиісті стандарттарды қолдану, жаңарту немесе күшін жою;

Комиссия бекітетін мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) бағдарламасында көзделген, оларды ерікті түрде қолдану нәтижесінде техникалық регламенттер талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде техникалық регламент талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламада (бұдан әрі – мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу жөніндегі бағдарлама) көзделген мемлекетаралық стандарттарды қабылдау;

мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес аттестатталған (валидацияланған) және бекітілген зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелері туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің тиісті ақпараттық қорына енгізу;

қабылданған техникалық регламентті қолдану.

Стандарттарының тізбесіне техникалық регламентке өзгерістер енгізуге байланысты өзгерістер енгізу техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

23. Техникалық регламент талаптарын орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру мақсатында стандарттар тізбелеріне енгізілген мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ мүше мемлекеттердің ұлттық ( мемлекеттік) стандарттарын немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерін қолдану мүше мемлекеттердің аумақтарында олардың заңнамасына сәйкес стандарттар тізбесінде көрсетілген оларды қолдану аяқталған күннен кейінгі күннен бастап немесе мұндай стандарттар мен әдістемелер стандарттар тізбесінен алып тасталған күннен бастап тоқтатылады.

24. Мүше мемлекеттердің осы Тәртіптің 22-тармағында көрсетілген ұсыныстары № 4 қосымшаға сәйкес жасалады және техникалық регламент күшіне енген күнінен бастап жылына бір реттен сиретпей, сондай-ақ Комиссияның сұрау салуы бойынша Комиссияға жіберіледі.

Комиссия стандарттар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар (оның ішінде Комиссияның сұрау салуы бойынша келіп түскен ұсыныстар) келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде әзірлеушіге оларды қарау және стандарттар тізбесіне енгізілетін өзгерістерді дайындау үшін оларды жібереді.

25. Әзірлеуші стандарттар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Комиссия Алқасының стандарттар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы шешімінің жобасын, енгізілген өзгерістерді ескере отырып, стандарттар тізбесінің редакциясын (бұдан әрі – стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясы) және осы Тәртіптің 18-тармағында көзделген түсіндірме жазбаны дайындауды жүзеге асырады және оларды Комиссияға береді.

Стандарттар тізбесінің жаңартылған редакциясына түсіндірме жазбада осы Тәртіптің 18-тармағында көрсетілген түсіндірме жазбада көрсетілген ақпараттан басқа мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу жөніндегі бағдарламаға сәйкес әзірленіп, стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясына енгізілген мемлекетаралық стандарттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Комиссия Алқасының стандарттар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы шешімінің жобасында стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясын және (немесе) өтпелі ережелерді (қажет болған кезде) қолданысқа енгізу туралы ережелер қамтылуы мүмкін.

26. Егер мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттарының немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің орнына стандарттар тізбелеріне мемлекетаралық стандарттар енгізілсе, мұндай ұлттық (мемлекеттік) стандарттар немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелері стандарттар тізбелерінен алып тасталады.

Егер стандартар тізбелеріне әзірленген және таяуда қабылданған мемлекетаралық стандарттар немесе бұрын стандарттар тізбесіне енгізілген, оларды қолдану мақсатында өтпелі кезең қажет болатын, алмастырылатын да, алмастырылған да стандарттар қолданылуы мүмкін жаңартылған мемлекетаралық стандарттар енгізілетін болса, тиісті ақпарат стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясында келтіріледі.

Егер стандарттар тізбелеріне зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің орнына әзірленген және қолдану мақсатында ауыспалы кезең қажет болатын, ауыстырылған зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелері де, оларды алмастыратын стандарттар да қолданылуы мүмкін жақында қабылданған мемлекетаралық стандарттар енгізілсе, тиісті ақпарат стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясында келтіріледі.

Мүше мемлекеттер стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясына енгізілетін мемлекетаралық стандарттарды бір мезгілде қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың бәрін қабылдайды.

27. Комиссия Алқасының стандарттар тізбелеріне өзгерістер енгізу туралы шешімінің жобасы, стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясының жобасы және осы Тәртіптің 25-тармағында көрсетілген түсіндірме жазба (бұдан әрі – құжаттар жобалары) әзірлеушіден келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей Комиссия оларды кемінде күнтізбелік 30 күн ішінде жария түрде талқылау үшін Одақтың ресми сайтында орналастырады.

28. Комиссия құжаттардың жобалары мен түсіндірме жазбаны Одақтың ресми сайтына орналастырған күннен бастап күнтізбелік 5 күннен кешіктірмей стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясының жобасын жария талқылау жүргізудің басталатын күні мен жоспарланып отырған аяқталатын күні туралы, сондай-ақ Одақтың ресми сайтында құжаттар жобаларының орналастырылғаны туралы (мүше мемлекеттердің үкіметтерінің толық электрондық мекенжайларын (гиперсілтемелерді),

мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарын көрсете отырып) мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі органдарын, сондай-ақ мына тұлғаларды:

а) әрбір мүше мемлекеттің бизнес қоғамдастығынан үйлестірушілерді;

б) бизнес қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін, Консультативтік комитет құрамына енгізілген өзге де тәуелсіз сарапшыларды;

в) стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясының жобасын әзірлеуге тарту орынды болатын өзге де мүдделі адамдарды хабардар етеді

29. Құжаттар жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстарды (пікірлер) (бұдан әрі – ескертулер мен ұсыныстар (пікірлер) мүше мемлекеттер мен үшінші мемлекеттердің мүдделері тұлғалары стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясы жобасының жария талқылануы аяқталатын жоспарлы күннен кешіктірмей Комиссияға ұсына алады .

30. Комиссия уақтылы келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды (пікірлер) Одақтың ресми сайтында олардың түсуіне қарай, бірақ стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясы жобасының жария талқылануы аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырады.

Құжаттар жобалары бойынша ескертулер мен ұсыныстарды (пікірлер) Комиссия стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясы жобасының жария талқылануы аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ескертулер мен ұсыныстардың (пікірлер) жиынтық кестесін (бұдан әрі – жиынтық кесте) дайындау үшін әзірлеушіге жібереді.

31. Егер жария талқылау жүргізу кезеңінде Комиссияға ескертулер мен ұсыныстар ( пікірлер) түспеген жағдайда, Комиссия жария талқылау аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті ақпаратты Одақтың ресми сайтында орналастырады.

Жария талқылау кезеңінде Комиссияға ескертулер мен ұсыныстар (пікірлер) келіп түскен жағдайда, әзірлеуші жария талқылау аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Комиссиямен, мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарымен және жұмыс тобымен (қажет болған жағдайда) бірлесіп, әрбір ескерту ( ұсыныс, пікір) бойынша түзету немесе бас тарту негіздемесі туралы ақпаратты көрсете отырып, жиынтық кесте жасайды және оны Комиссияға жібереді.

32. Комиссия жиынтық кестені ол келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Одақтың ресми сайтына орналастыруды жүзеге асырады.

33. Әзірлеуші жиынтық кестені Одақтың ресми сайтында орналастырған күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде құжаттардың жобаларын пысықтайды және оларды мүше мемлекеттің өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті мемлекеттік билік органына жібереді немесе Комиссия бекітетін техникалық регламенттің жобасына, стандарттар тізбелерінің жобаларына метрологиялық сараптама жүргізу жүргізу тәртібіне сәйкес метрологиялық сараптама жүргізу үшін немесе метрологиялық сараптама жүргізу талап етілмейтіндігі туралы қорытынды дайындау үшін өз

мемлекетінің заңнамасына сәйкес метрологиялық сараптама жүргізуге мүше мемлекеттің уәкілетті заңды тұлғасына (нотификацияланған) жібереді.

Әзірлеуші стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясының жобасына метрологиялық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды немесе метрологиялық сараптама жүргізу талап етілмейтіндігі туралы қорытынды келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде құжаттар жобаларын пысықтайды (қажет болған кезде) және оларды метрологиялық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытындымен немесе метрологиялық сараптама жүргізу талап етілмейтіндігі туралы қорытындымен қоса Комиссияға жібереді.

Егер стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясының жобасына мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу жөніндегі бағдарламаға сәйкес әзірленген немесе жаңартылған мемлекетаралық стандарттар ғана енгізілген болса, метрологиялық сараптама жүргізілмейді және әзірлеуші құжаттардың жобаларын Комиссияға жібереді.

Комиссия Алқасының стандарттар тізбесіне өзгерістер енгізу туралы шешімі жобасының және стандарттар тізбелерінің жаңартылған редакциясы жобасының реттеуші әсерін бағалау техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

34. Комиссия пысықтау қорытындысы бойынша ұсынылған құжаттар жобаларын, сондай-ақ реттеуші әсерді бағалау туралы қорытынды мен жиынтықты кестені (болған кезде) Комиссияның таяуда болатын отырысында қарауды жүзеге асырады.

Қарау қорытындысы бойынша Консультативтік комитет стандарттар тізбесінің жаңартылған редакциясының жобасын (соның ішінде құжаттар жобаларын пысықтаған жағдайда) Комиссия Алқасының қарауына беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.

Консультативтік комитет отырысының қорытындысы бойынша құжаттар жобасын пысықтауды Комиссия әзірлеушімен, мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарымен және жұмыс тобымен (қажет болған кезде) бірлесіп, 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

35. Комиссия Алқасының техникалық реттеу мәселелері өкілеттігіне жататын мүшесі Комиссия Алқасының қарауы үшін құжаттар топтамасын осы Тәртіпке № 3 қосымшаға сәйкес дайындауды жүзеге асырады.

36. Комиссия стандарттар тізбелерін өзгерту бойынша ұсынысты жария талқылау рәсімін жүргізбестен және Консультативтік комитеттің отырысында қарауынсыз мынадай:

а) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары осы Тәртіптің 22-тармағында көрсетілген мониторинг барысында стандарттар тізбелеріне, соның ішінде стандарттардың күшін жоюына немесе олардың техникалық регламенттің талаптарына біршама сәйкес келмейтіндігіне байланысты дереу өзгерістер енгізу қажет екендігін анықтаған жағдайда дайындауға құқылы. Көрсетілген ұсыныстар стандарттар

тізбелеріне және метрологиялық сараптама нәтижелеріне жедел өзгерістер енгізу қажеттілігінің негіздемесімен қоса Комиссияға мүше мемлекеттердің Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мемлекеттік билік органдары ұсынады;

б) Комиссияға мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу жөніндегі бағдарламаға сәйкес мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдарынан әзірленген немесе жаңартылған мемлекетаралық стандарттарды ғана тізбеге енгізу бойынша ұсыныстар келіп түскен кезде дайындауға құқылы.

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне
№ 1 ҚОСЫМША

**Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерінің**

## НЫСАНДАРЫ

(1-нысан)

**Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар**

**ТІЗБЕСІ**

| р/с № | Техникалық регламенттің құрылымдық элементі немесе техникалық реттеу объектісі | Стандарттың белгіленімі мен атауы | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| n... | | | |

Ескертпе. Осы нысан мынадай ретпен толтырылады:

а) 2-бағанда сәйкестігі стандарт талаптарын орындау арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін техникалық регламенттің құрылымдық элементі (абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы, қосымшасы) не техникалық регламентті техникалық реттеу объектісі немесе объектілер тобы көрсетіледі. Қажет болған кезде сәйкестігі стандарттар талаптарын орындау арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін техникалық регламентті техникалық реттеудің осындай объектісіне немесе объектілер тобына қатысты талаптарды белгілейтін техникалық регламенттің құрылымдық элементі (абзацтары, тармақшалары , тармақтары, баптары, қосымшалары) көрсетілуі мүмкін.

б) 3-бағанда стандарттың белгіленімі мен атауы немесе егер техникалық регламент талаптарының сақталуы тұтас стандартты емес, осы стандарттың жекелеген бөлімдерін (тармақтарын, тармақшаларын) қолдану арқылы қамтамасыз етілетін болса, стандарт бөлімдерінің (тармақтарының, тармақшаларының) белгіленімі мен атауы көрсетіледі, бұл ретте стандарттарды тізбелеп көрсету мына тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

стандарттардың, осы стандарттардың жекелеген бөлімдерінің (тармақтарының, тармақшаларының) атаулары техникалық регламенттің әрбір элементі үшін оларды енгізудің белгіленген басымдығы тәртібімен орналастырылады, ал техникалық регламенттің бір элементі үшін бірдей басымдыққа ие бірнеше стандарт, стандарттардың жекелеген бөлімдері (тармақтары, тармақшалары) енгізілген жағдайда, олар тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен орналастырылады;

егер 2-бағанда техникалық регламенттің техникалық реттеу объектісі немесе объектілер тобы көрсетілсе, 3-бағанда әрбір осындай объекті немесе объектілер тобы үшін стандарттың белгіленімі мен атауы немесе егер техникалық регламент талаптарының сақталуы тұтас стандартты емес, осы стандарттың жекелеген бөлімдерін (тармақтарын, тармақшаларын) қолдану арқылы қамтамасыз етілетін болса, стандарт бөлімдерінің (тармақтарының, тармақшаларының) белгіленімі мен атауы оларды енгізудің белгіленген басымдылығы тәртібімен көрсетіледі, ал бір объекті немесе объектілер тобы үшін бірдей басымдыққа ие бірнеше стандарт, стандарттардың жекелеген бөлімдері (тармақтары, тармақшалары) енгізілген жағдайда, олар тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен орналастырылады;

мүше мемлекеттердің мемлекетаралық және (немесе) ұлттық (мемлекеттік) стандарттары белгіленімдерінің тіркеу нөмірлерінің өсу реті бойынша (халықаралық немесе өңірлік стандарттар негізінде әзірленген стандарттар үшін – халықаралық немесе өңірлік стандарттар белгіленімдері тіркеу нөмірлерінің өсу реті бойынша).

Мүше мемлекеттердің халықаралық немесе өңірлік стандарттар негізінде қабылданған және тиісті халықаралық немесе өңірлік стандарттармен бірдей ұлттық ( мемлекеттік) стандарттары тіркеу нөмірлерінің өсуіне қарамастан орналасуы мүмкін ( бір блокта);

в) 4-бағанда алмастыру стандартымен алмастырылған стандарттың белгіленімі мен атауы, ал қажет болған кезде алмастырылған стандартты қолданудың аяқталу күні ( цифрлық тәсілмен: күні – екі араб цифрымен, айы – екі араб цифрымен, жылы – төрт араб цифрымен), қабылданған алмастыру стандартының белгіленімі мен атауы көрсетіледі.

Қажет болған кезде алмастырылған стандарт та, оны алмастыратын қабылданған стандарт та қолданылуы мүмкін өтпелі кезеңді белгілеу туралы ақпарат көрсетіледі.

(2-нысан)

**Зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар**

**ТІЗБЕСІ**

| р/с № | Техникалық регламенттің құрылымдық элементі немесе техникалық реттеу объектісі | Стандарттың, зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесінің белгіленімі мен атауы | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | | | |
| n... | | | |

Ескертпе: Осы нысан мынадай ретпен толтырылады:

а) 2-бағанда сәйкестігі зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде стандартта (зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер) әдістемесінде ) белгіленген үлгілерді іріктеу қағидаларын қолдану арқылы расталуы мүмкін техникалық регламенттің құрылымдық элементі (абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы, қосымшасы) не техникалық регламентті техникалық реттеу объектісі немесе объектілер тобы көрсетіледі. Қажет болған кезде сәйкестігі зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде стандартта (зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер) әдістемесінде) белгіленген үлгілерді іріктеу қағидаларын қолдану арқылы расталуы мүмкін мұндай объектіге немесе объектілер тобына қатысты талаптарды белгілейтін техникалық регламенттің құрылымдық элементі (абзацтары, тармақшалары , тармақтары, баптары, қосымшалары) көрсетілуі мүмкін;

б) 3-бағанда стандарттың, зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесінің белгіленімі мен атауы немесе егер техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін тұтас стандарт ( әдістеме) емес, осы стандарттың (әдістеменің) жекелеген бөлімдері (тармақтары, тармақшалары) қолданылуы тиіс болса, стандарттың немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесі бөлімдерінің (тармақтарының, тармақшаларының) белгіленімі мен атауы, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес аттестатталған (валидацияланған) және бекітілген зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің аттестатталғаны (валидацияланғаны) туралы куәліктер туралы ақпарат көрсетіледі, бұл ретте стандарттарды тізбелеп көрсету мына тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылады:

стандарттардың, осы стандарттардың жекелеген бөлімдерінің (тармақтарының, тармақшаларының) атаулары техникалық регламенттің әрбір элементі үшін оларды енгізудің белгіленген басымдығы тәртібімен орналастырылады, ал техникалық регламенттің бір элементі үшін бірдей басымдыққа ие бірнеше стандарт, стандарттардың жекелеген бөлімдері (тармақтары, тармақшалары) енгізілген жағдайда, олар тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен орналастырылады;

егер 2-бағанда техникалық регламенттің техникалық реттеу объектісі немесе объектілер тобы көрсетілсе, 3-бағанда әрбір осындай объекті немесе объектілер тобы үшін стандарттың, зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесінің белгіленімі мен атауы немесе егер техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін тұтас стандарт (әдістеме) емес, осы стандарттың (әдістеменің) жекелеген бөлімдері (тармақтары, тармақшалары) қолданылуы тиіс болса, оларды енгізудің белгіленген басымдығы тәртібімен тіркеу нөмірлерінің өсу ретімен орналастырылады;

мүше мемлекеттердің мемлекетаралық стандарттары, ұлттық (мемлекеттік) стандарттары белгіленімдерінің тіркеу нөмірлерінің өсу реті бойынша (халықаралық немесе өңірлік стандарттар негізінде әзірленген стандарттар үшін – халықаралық немесе өңірлік стандарттар белгіленімдерінің тіркеу нөмірлерінің өсу реті бойынша.

Мүше мемлекеттердің халықаралық немесе өңірлік стандарттар негізінде қабылданған және тиісті халықаралық немесе өңірлік стандарттармен бірдей ұлттық ( мемлекеттік) стандарттары тіркеу нөмірлерінің өсуіне қарамастан орналасуы мүмкін ( бір блокта);

в) 4-бағанда алмастыру стандартымен қабылданған стандарттың немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесінің белгіленімі мен атауы, ал қажет болған кезде алмастырылған стандартты қолданудың аяқталу күні (цифрлық тәсілмен: күні – екі араб цифрымен, айы – екі араб цифрымен, жылы – төрт араб цифры) көрсетіледі.

Қажет болған кезде алмастырылған стандарт та, оны алмастыратын қабылданған стандарт та қолданылуы мүмкін өтпелі кезеңді белгілеу туралы ақпарат көрсетіледі.

Егер тізбеге ең жоғары дәлдікке ие зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер ретінде айқындалған өлшемдер әдістемесі (әдісі) енгізілсе, осы ақпарат көрсетіледі.

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне
№ 2 ҚОСЫМША

**Зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелеріне енгізілетін (енгізілген) зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелеріне қол жеткізуге рұқсат беру**

**ТӘРТІБІ**

1. Зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелеріне енгізілетін (енгізілген) зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелеріне қол жеткізуге рұқсат беру (бұдан әрі – стандарттар тізбесі) жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің стандарттау жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі тиісінше уәкілетті органдар, мүше мемлекеттер) немесе осындай органдар аталған әдістемелерді беруге (таратуға) уәкілеттік берген ұйымдар (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) жүзеге асырады.

2. Стандарттар тізбесін әзірлеу кезеңінде зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесінің құқық иеленушісі өзі резиденті болып табылатын уәкілетті органға мыналарды ұсынады:

өтеусіз негізде зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің орыс тіліндегі мәтінін;

зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерін қарау және стандарттар тізбелеріне енгізу туралы шешім қабылдау мақсатында оларды беру құқығына жазбаша рұқсат;

өзі резиденті болып табылатын мүше мемлекеттің уәкілетті органына немесе уәкілетті ұйымына мүше мемлекеттердің аумақтарында зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелерін (оларды стандарттар тізбелеріне енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда) тарату құқығын беруді көздейтін лицензиялық шарт жасасуға жазбаша келісім береді.

3. Уәкілетті орган осы Тәртіптің 2-тармағында көрсетілген құжаттарды өз мүше мемлекетінің уәкілетті ұйымына береді.

4. Уәкілетті орган немесе уәкілетті ұйым стандарттар тізбесіне енгізу үшін ұсынылатын зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелерін әзірлеушіге осындай

тізбені әзірлеу, келісу және қарау кезеңдерінде өтеусіз негізде берілуін қамтамасыз етеді.

5. Стандарттар тізбесі бекітілгеннен кейін зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің құқық иеленушісі мен өзі резиденті болып табылатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы немесе уәкілетті ұйымы арасында техникалық регламенттердің талаптарын орындау, мүше мемлекеттердің аумақтарында техникалық регламенттердің техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізу кезінде сублицензиарлардың оларды одан әрі пайдалануы мақсатында зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелерін тарату құқығын беруді, сондай-ақ зерттеулер (сынақтар) және өлшемдер әдістемелерін ауыстыру (жою) және оларға өзгерістер енгізу туралы ақпарат беруді көздейтін лицензиялық келісім жасалады.

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне
№ 3 ҚОСЫМША

**Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын**

**қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелері жобаларын Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының қарауына арналған құжаттардың**

**ТІЗБЕСІ**

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының (бұдан әрі – Комиссия) ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер жүргізу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелері (бұдан әрі – стандарттар тізбелері) туралы (стандарттар тізбелеріне өзгерістер енгізу туралы) шешімінің жобасы.

2. Стандарттар тізбелерінің жобалары (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасы).

3. Стандарттар тізбелерінің жобаларына (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасына) түсіндірме жазба.

4. Техникалық регламент жобасын және стандарттар тізбелерінің жобаларын жария талқылау нәтижелері бойынша пікірлер жиынтығы (стандарттардың тізбелеріне, енгізілген өзгерістер ескеріле отырып, стандарттар тізбелерінің редакцияларына өзгерістер енгізу туралы Комиссия Алқасы шешімінің жобасы және стандарттар тізбелерінің жобаларына (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасына) түсіндірме жазба бойынша ескертулер мен ұсыныстардың (пікірлердің) жиынтық кестесі).

5. Техникалық регламенттерді әзірлеу тәртібіне сәйкес техникалық регламент жобасына және стандарттар тізбелерінің жобаларына (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасына (қажет болған жағдайда) метрологиялық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды немесе метрологиялық сараптама талап етілмейтіні туралы қорытынды.

6. Реттеушілік әсерді бағалау туралы қорытынды.

7. Стандарттар тізбелері жобаларының (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасының) қаржы-экономикалық негіздемесі.

8. Стандарттар тізбелерінің жобалары (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасы) бойынша жұмыстың барысы туралы ақпаратты қамтитын анықтама.

9. Техникалық реттеу, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі консультативтік комитеттің стандарттар тізбелерінің жобаларын (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасын) қарау нәтижелері бойынша материалдар.

10. Стандарттар тізбелерін (стандарттар тізбелеріне өзгерістер енгізу туралы) қабылдау туралы Комиссия Алқасы шешімі жобасының халықаралық шарттарға және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын актілерге сәйкестігі туралы қорытынды.

11. Комиссияның сұрау салуы бойынша (болған жағдайда) ұсынылған стандарттар тізбелерінің жобалары (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасы) бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ұстанымдары жазылған құжаттар.

12. Стандарттар тізбелерінің жобалары (стандарттар тізбелеріне өзгерістер жобасы) бойынша шешімдер қабылдау үшін маңызы бар өзге де құжаттар мен материалдар.

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне
№ 4 ҚОСЫМША
(нысаны)

**Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (**

**мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелеріне өзгерістер енгізу туралы**

**ҰСЫНЫСТАР**

| р/с № | Техникалық регламенттің құрылымдық элементі немесе техникалық реттеу объектісі | Стандарттың, зерттеулер ( сынақтар) мен өлшемдер әдістемесінің белгіленімі мен атауы | Алмастыру стандартының белгіленімі мен атауы | Алмастыру стандартын қолданудың басталу күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| n... | | | | | |

Ескертпе. Осы нысан мынадай тәртіппен толтырылады:

а) 2-бағанда техникалық регламенттің құрылымдық элементі (абзацы, тармақшасы, тармағы, бабы, қосымшасы) не техникалық регламентті техникалық реттеу объектісі немесе объектілер тобы көрсетіледі. Қажет болған кезде сәйкестігі стандарттың ( зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінің) талаптарын орындау арқылы қамтамасыз етілетін техникалық регламенттің техникалық реттеу объектісіне немесе объектілер тобына қатысты талаптарды белгілейтін техникалық регламенттің құрылымдық элементтері (абзацтары, тармақшалары, тармақтары, баптары, қосымшалары) көрсетілуі мүмкін;

б) 3-бағанда, егер техникалық регламент талаптарының сақталуы тұтас стандартты ( әдістемені) емес, осы стандарттың (әдістеменің) жекелеген бөлімдерін (тармақтарын, тармақшаларын) қолдану арқылы қамтамасыз етілетін болса, стандарттың немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемесі бөлімдерінің (тармақтарының, тармақшаларының) белгіленімі мен атауы көрсетіледі, бұл ретте стандарттарды немесе зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерін тізбелеп көрсету Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 161 шешімімен бекітілген Оларды ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер

жүргізу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне № 1 қосымшаға сәйкес стандарттар тізбелері жобаларының нысандарына ескертпелерде көрсетілген тәсілдердің бірі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін;

в) 5-бағанда алмастыру стандартын қабылдау басталған күні (цифрлық тәсілмен: күні – екі араб цифрымен, айы – екі араб цифрымен, жылы – төрт араб цифрымен) көрсетіледі;

г) 6-бағанда алмастырылатын стандартты немесе зерттеу (сынау) және өлшеу әдістемесін қолданудың аяқталу күні (цифрлық тәсілмен: күні – екі араб цифрымен, айы – екі араб цифрымен, жылы – төрт араб цифрымен) көрсетіледі. Қажет болған кезде алмастырылған стандарт та, оны алмастыратын стандарт та қолданылуы мүмкін өтпелі кезеңді белгілеу туралы ақпарат көрсетіледі.

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін әзірлеу және қабылдау тәртібіне
№ 5 ҚОСЫМША
(нысан)

**Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелерін және зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбелеріне өзгерістер енгізу туралы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешімінің жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстардың (пікірлердің)**

ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ

(нысан)

| р/с № | Стандарттар тізбесінің жаңартылған редакциясы позицияларының нөмірі | Ескерту, ұсыныс (пікір) берген ұйымның атауы, хаттың күні мен нөмірі | Ескерту, ұсыныс (пікір) | Өзгертулер әзірлеуге уәкілеттік берілген органның (оның ішінде әзірлеушінің) қорытындысы | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | |
| I. Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесі | | | | | |
| 1 | | | | | |
| n… | | | | | |
| II. Зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер қағидалары мен әдістерін, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік ( мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттар тізбесі | | | | | |
| 1 | | | | | |
| n… | | | | | ". |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК